

**ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК-нің туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бөлімінің 2017  
жылғы қызметі туралы ақпарат**

**Бөлімнің мақсаты:** тәрбие мен білім берудің озық үлгілері негізінде балалардың қосымша білім жүйесін жандандыру, туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттар бойынша білім алушылардың зерттеушілік және жобалық шығармашылықтарындағы біліктілік деңгейін арттыру.

**Бөлім міндеттері:**

бағдарламалық-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және сараптамалық қамтамасыз ету құралдары арқылы балалар қосымша білім беру жүйесіндегі туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттарды дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;

бөлім бағыттарының спецификасына сәйкес келетін инновациялық технологияларды енгізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату;

туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттар бойынша республикалық маңызға ие мектептен тыс шараларды, республикалық конкурстар мен сайыстарды ұйымдастыру және өткізу.

**ҚР БҒМ-нің тапсырысы бойынша:** балаларға қосымша білім беру жүйесінің туристік-өлкетану, эколого-биологиялық бағыттары бойынша «Балалардың экологиялық тәрбиесі. Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану» 12 бейнесабақтар топтамасы әзірленді.

**2 республикалық іс-шаралар өткізілді:**

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слеті (160 қатысушы, жеңімпаздар – 24, оның ішінде 3 жалпыкомандалық орындар);

«Экспо-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы (160 қатысушы, жеңімпаздар – 24, оның ішінде 3 жалпыкомандалық орындар).

**Бюджеттен тыс ұйымдастырылды және өткізілді:**

балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері (283) үшін біліктілікті арттыру курстары (10);

[www.ziyatker.kz](http://www.ziyatker.kz) сайтында 22 интернет-байқау қашықтықтан ұйымдастырылды және өткізілді, онда 1832 балалар мен ересектер қатысты, 886 жеңімпаз атанды.

[www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтының (портал) контенті жаңартылды және толтырылды;

электронды форматта «Экоәлем» балалар танымдық журналы дайындалды (4 нөмірден).

Қосымша білім беруді дамыту мақсатында туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағытындағы қосымша білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы ұйымдастырылды және өткізілді.

Қосымша білім беруді, оның ішінде экологиялық-биологиялық бағытты дамытуға ықпал ету мақсатында РҚББОЭ және «AGRIPP Business Group» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен өзара ынтымақтасу туралы меморандумға қол қойылды (06.10. 2017 год).

#### Ақпаратқа қосымша

*I. 099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 102 «Орта білім беру саласында әдіснамалық қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша 13.04.2016 ж. №74 қызмет шартын орындау мақсатында әзірленді:*

#### **«Балалардың экологиялық тәрбиесі. Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану» бейнесабақтары**

Бейнесабақтар саны – 12.

«Балалардың экологиялық тәрбиесі. Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану» бейнесабақтарының мақсаты: туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттарындағы қосымша білім берудің бағдарламаларын іске асырушы, жалпы білім беру мектептеріндегі сабақтан тыс қызметтегі педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

1. 28 Гвардияшы-Панфиловшылар саябағына экскурсия.
2. Вегетативные способы размножения комнатных растений.
3. Выбор личного и группового снаряжения для туристских походов.
4. Жеміс-жидектер мен көкөністер құрамындағы С дәруменін анықтау.
5. Разные-равные.
6. Виды туристских узлов.
7. Организация краеведческой работы в походе.
8. Плоская композиция из сухих листьев и цветов.
9. Подготовка спортсменов-ориентировщиков.
10. Сбор портфеля экскурсовода.
11. Укладка рюкзака туриста.
12. Флорариум –шыны ыдыстағы шағын бақ.

*III. 099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 103 «Республикалық мектеп олимпиадаларын, байқауларын, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларын өткізу» кіші бағдарламасы бойынша 06.06.2017 ж. №115 және 08.08.2017 ж. №151 қызмет шартын орындау мақсатында іс-шаралар өткізілді:*

1. «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слеті (жарыстар, жорықтар) (2017 жылғы 23-24 маусым, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы)

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетану қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слеті – республикада балалар-жасөспірімдер

туризмін дамытуға, оқушылардың патриоттық және азаматтық сезімдерін тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамдағы өмірге бейімделуге, кәсіби өзін-өзі анықтауға, бос уақытты мағыналы ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-танымдық жоба.

Слетті өткізу «тең теңімен» қатынасының, бәсекелестіктің салауатты рухының қалыптасуына жағдай жасайды, балаларда үздік болуға оң талпыныстың өскіні қаланады.

Слетке «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының өңірлік жарыстарының жеңімпаз топтары қатысты (барлығы 160 қатысушы, жеңімпаздар – 24, оның ішінде 3 жалпыкомандалық орындар).

Слет бағдарламасында туристік экспедицияларды презентациялау, өлкетану жобаларын қорғау, бақылау туристік маршрутты өту, жартасқа шығу, экскурсиялық бағдарлану бойынша жарыс, бард әндерінің байқауы, «Құс үйшігі» акциясы қарастырылған.

Слеттің жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, кубоктармен және медальдармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

## **2. «Экспо-2017» шеңберінде жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы (2017 жылғы 22-23 қыркүйек, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы)**

Форумның мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті, тұрақты және қауіпсіз өмір стилінің дағдыларын тәрбиелеу, тиімді энергия тұтыну және энергия үнемдеу, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану туралы білімдерін қалыптастыру, білім алушыларды ресурстарды үнемдеу бойынша пайдалы қызметке қатыстыру.

Форум – экологиялық ойлау қабілеті бар шығармашыл тұлғаны дамытуға, қоршаған ортаны қорғау бойынша зерттеу және практикалық қызметке қызығушылық танытушы білім алушыларды анықтауға және қолдауға бағытталған кең ауқымды іс-шара.

Форум бағдарламасында экодизайнерлер байқауы, видеороликтер презентациясы, денсаулықты сақтау, табиғат ресурстарына ұқыпты қарау мәселелерін шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобаларды қорғау қарастырылған.

*III. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы ұйымдардың педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби құзіреттілігінің деңгейін арттыру мен білімді жаңарту үшін жағдай жасау мақсатында бюджеттен тыс 10 курс ұйымдастырылды және өткізілді.*

1. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалардың бос уақытын қамту - балалардың құқық бұзушылықтарын алдын алу жолы» (Астана қаласы, 2017 жылғы 20-24 ақпан). Тыңдаушылар саны - 23 адам.

2. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Білім алушы тұлғасын

әлеуметтендіру» (Павлодар қаласы, 2017 жылғы 20-24 ақпан). Тыңдаушылар саны - 30 адам.

3. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының сапасын басқару» (Астана қаласы, 2017 жылғы 27-31 наурыз). Тыңдаушылар саны - 28 адам.

4. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаламен сауықтыру-білім беру жұмыстарын ұйымдастыру» (Алматы қаласы, 2017 жылғы 15-19 мамыр). Тыңдаушылар саны - 17 адам.

5. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Табиғи жағдайларда білім алушылармен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру» (Өскемен қаласы, 2017 жылғы 15-19 мамыр). Тыңдаушылар саны - 15 адам.

6. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалар-жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлерін ұйымдастырудың және өткізудің ерекшеліктері» (Шымкент қаласы, 2017 жылғы 26-30 мамыр). Тыңдаушылар саны - 42 адам.

7. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Білім беру процесіндегі ойын терапиясы» (Ақтөбе қаласы, 2017 жылғы 2-6 қазан). Тыңдаушылар саны - 47 адам.

8. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сауықтыру-дамыту жұмысын ұйымдастыру» (2017 жылғы 13-17 қараша, Алматы қ.). Тыңдаушылардың саны - 27 адам.

9. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Экологиялық-биологиялық бағытта балалардың тұлғалық дамуы, кәсіби өзін-өзі анықтауы және шығармашылық дамуы үшін тиімді жағдай жасау» (2017 жылғы 30 қазан – 3 қараша, Орал қ.). Тыңдаушылардың саны - 18 адам.

10. «Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Білім беру процесінің заманауи технологиялары және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (2017 жылғы 30 қазан – 3 қараша, Павлодар қ.). Тыңдаушылардың саны - 36 адам.

*www.ziyatker.kz* порталында 22 интернет-байқау қашықтықтан ұйымдастырылды және өткізілді. Қатысушылар - 1832 адам.

**1. «Қыс - ғажайыптар мерзімі»** мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында (14 қараша 2016 ж. – 31 қаңтар 2017 ж.). Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру. Байқауға **118** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **82**.

2. «**Ғаламшар денсаулығы менің қолымда**» мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында (14 қараша 2016 ж. – 31 қаңтар 2017 ж.). Мақсаты: жас ұрпақтың назарын экологиялық мәселелердің өзекті сұрақтарына аударту, саналы іс-әрекетті насихаттау және балалар мен жастарда табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Байқауға **114** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **61**.

3. «**Мамандықтың бәрі жақсы**» мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында (16. қаңтар 2017 ж. – 20 наурыз 2017 ж.). Мақсаты: білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, мамандықтарды зерделеуге шығармашылық тәсілдерді белсендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық мәнге ие кәсіптік бағдар қызметіне тарту. Байқауға **364** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **91**.

4. «**Жұмбақ әлем**» жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында (8 ақпан – 31 наурыз 2017 ж.) Мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына ұқыпты қатынасты тәрбиелеу. Байқауға **131** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **36**.

5. «**Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы**» жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (8 ақпан - 17 сәуір 2017 ж.). Мақсаты: дарынды жастарды анықтау және олардың одан әрі зияткерлігі мен шығармашылығын дамыту үшін жағдай жасау. Байқауға **59** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **19**.

6. «**Көктем неткен керемет!**» мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (20 ақпан 2017 ж. -14 сәуір 2017 ж.). Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік–шығармашылық қабілеттерін дамыту және белсенді өмірлік ұстанымдарын, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру. Байқауға барлығы **171** жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – **91**.

7. «**Табиғат**» жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (2016 жылғы 14 қараша мен 2017 жылғы 1 ақпан). Мақсаты: білім алушыларды туған өлке қоршаған ортасының экологиялық жағдайын зерттеуге тарту, жас ұрпақтың экологиялық тәрбиесі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуші табиғатты қорғау міндеттерін шешуге практикалық араластыру. Байқауға барлығы **227** жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – **140**.

8. «**Экологиялық вернисаж**» мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (**2017 жылғы 17 ақпаннан 14 сәуірге дейін**) Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында Қазақстанның жеке өңірлерінің және тұтас ғаламшардың табиғи ресурстарына қатысты белсенді өмірлік ұстанымды және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Байқауға барлығы **53** жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – **39**.

**9. «Естелік те, қаһармандық та, даңқ та»** мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (1 наурыз 2017 ж. - 30 сәуір 2017 ж.). Мақсаты - Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктерінің үлгісі негізінде өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу, балалар мен жастардың бойында Отанының, өз халқының тарихи өткеніне құрметпен қарауды дамыту және Ұлы Отан соғысы туралы тарихи естелікті сақтау. Байқауға **90** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **43**.

**10. «Жас саяхатшы»** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (2017 жылғы 2 наурыздан 30 сәуір аралығында). Мақсаты: көркем шығармашылық арқылы білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Байқауға **23** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **20**.

**11. «Сиқырлы қарындаш»** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (2017 жылғы 2 наурыздан 5 мамыр аралығында). Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру. Байқауға **57** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **30**.

**12. «Жақын достар»** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында (2017 жылғы 5 сәуірден 31 мамыр аралығында). Мақсаты: достық туралы түсінікті ең маңызды адами құндылық ретінде қалыптастыру. Байқауға **92** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **33**.

**13. «Қиялдың шарықтауы»** мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларының арасында (2017 жылғы 11 мамырдан 4 тамызға дейін). Мақсаты: балалардың бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылығын, тұлғаның жеке қасиеттерін жан-жақты дамыту. Байқауға 7 жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – 7.

**14. «Қорықты ел»** (2017 жылғы 30 мамырдан 30 қазан аралығында). Мақсаты: білім алушылардың бойында табиғатты қорғау іс-шараларына оң қызығушылықты қалыптастыру, туған өлкенің табиғи игілігі үшін мақтаныш сезімін ояту. Байқауға барлығы 8 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 8.

**15. «Жасыл дәріхана»** (2017 жылғы 11 мамырдан 11 қыркүйек аралығында). Мақсаты: білім алушылардың дәрілік шөптер туралы білімдерін тереңдету және кеңейту. Байқауға барлығы 34 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 20.

**16. «Табиғат айнасы»** (2017 жылғы 25 тамыздан 31 қазан аралығында). Мақсаты: көркем шығармашылық арқылы білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Байқауға барлығы 61 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 46.

**17. «Жазғы көңіл күй»** (2017 жылғы 15 маусымнан 30 қыркүйек аралығында). Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру. Байқауға барлығы 5 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 5.

**18. «Менің қызығушылықтар әлемім»** (2017 жылғы 25 тамыздан 14 қараша аралығында). Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту және қолдау. Байқауға барлығы 6 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 6.

**19. «Мен ұқсағым келетін адам»** (2017 жылғы 25 тамыз бен 23 қараша аралығында). Мақсаты: қатысушылардың интеллектуалды және мәдени

құндылықтарын жоғарылату. Байқауға барлығы 37 жұмыс түсті. Жеңімпаздар - 21.

**20. «Фитодизайн»** (2017 жылғы 3 шілде мен 29 қыркүйек аралығында). Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық ықыласын ынталандыру, білім алушылар бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және танымдық қызметке тарту. Байқауға барлығы 20 жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – 16.

**21. «Жануарлар әлемінде»** (2017 жылғы 1 қыркүйек пен 15 қараша аралығында). Мақсаты: өскелең ұрпақты эстетикалық және экологиялық тәрбиелеу. Байқауға барлығы 105 жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – 65.

**22. «Күзгі бейне»** (2017 жылғы 18 қыркүйек пен 30 қараша). Мақсаты: өскелең ұрпақты эстетикалық және экологиялық тәрбиелеу. Байқауға барлығы 50 жұмыс қабылданды, оның ішінде жеңімпаздары – 25.

### **III. «Экоәлем» балалар экологиялық-биологиялық журнал (№ 1, № 2, №3, №4).**

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру басқармаларына (03.04.17 г. № 15-53/113) білім алушылар үшін «Экоәлем» балалар танымдық журналының электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналасқандығы туралы хат жіберілді. Журналдың көлемі – 60 бет.

«Экоәлем» балалар экологиялық-биологиялық журналының «Экологиялық күнтізбе»; «Табиғат.Ғылым.Экология»; «Педагогтер - балаларға»; «Әлемді тану»; «Табиғаттың құпия әлемі»; «Жас зерттеуші»; «Жасыл экономика» айдарларында «Менің Отаным-Қазақтан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетінің қорытындысы туралы, сонымен қатар жазғы кезеңде балалар лагерлерінің жұмысы туралы, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі туралы мақалалар, жобалар, ақпараттар жарияланды.

«Экоәлем» балаларда экологиялық мәдениеттің, қоршаған ортаға саналы қараым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді.

2017 жылғы 24 маусымда Ақтау қаласында «Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тұрғысынан Қазақстан Республикасындағы балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру» тақырыбында туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағытында қосымша білім беру ұйымдары басшыларының республикалық Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы: өткізілді.

Үйлестіру кеңесінің жұмысына білім және ғылым, спорт және мәдениет министрліктерінің, жоғары оқу орындарының, білім беру басқармалары мен ұйымдарының, республиканың жас туристер, натуралистер, өлкетанушылар, экологтар орталықтары мен станциялардың өкілдері қатысты.

Қазіргі уақытта Республикада 1285 қосымша білім беру ұйымдары, оның ішінде 23 529 (0,8%) баланы қамтитын 37 жас туристер және 16 299 (0,6%) баланы қамтитын 18 натуралистер орталықтары бар.

Жалпы білім беретін мектептерде 82 мыңнан астам білім алушыларды қамтитын 1865 туристік-өлкетану және 2710 экологиялық үйірмелер бар.

Үйлестіру кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру сұрақтары қарастырылды.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту негізінде туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттардағы жаңа тәсілдерді айқындау және ұйымдастырушылық нысандарын қосымша білім беруді дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.